

*Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік
Фармацевтика Академиясы*

Гигиена-2 кафедрасы

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Тақырыбы: Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы ғылыми-тәжірибелік зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу. Қоғамдық денсаулық сақтаудың негізгі мәселелері.

Орындаған: Көшкінбай Ш.Қ.

Тобы: 407 «А» ҚДС

Қабылдаған: Туманбаева А.М.

ЖОСПАР

❖ Кіріспе

❖ Негізгі бөлім.

- a) *Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы ғылыми – тәжірибелік зерттеулердің түрлері.*
- b) *Қоғамдық денсаулық саласында ғылыми –тәжірибелік зерттеулердің мақсаттары.*
- c) *Республикада қоғамдық денсаулық сақтаудың мәселелері.*

❖ Қорытынды

❖ Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

КІРІСПЕ

Қоғамдық денсаулық сақтауды ұйымдастыру мен халық денсаулығын нығайту, сол сияқты белгілі бір жағдайларда медициналық көмек көрсету, оны алдын алу өз мақсатына жеткен жоқ. Бұл қызметтер денсаулық сақтау жүйесінде ең қажетті бөлімдер болып табылады.


Денсаулық — мақсат емес, ол әл-ауқатқа жету ретінде, жалпы жағдайдың, психиканың, мәдениет және рухани қажеттіліктерге жету жағдайы.

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық денсаулық ахуалын жақсарту жөніндегі міндеттерді тиімді шешудің бір жолы қоғамдық денсаулық сақтау саласы бойынша ХХІ ғасыр талабына сай болуға қабілетті мамандардың жаңа буынын дайындау. Ғылыми зерттеулерді жүргізуге мүмкіншілік, қоғамдық денсаулық пен денсаулық сақтауды ұйымдастыру саласына мемлекеттің араласуы денсаулық сақтау жүйесінде тәжірибелік жұмыстардың сапалы жүзеге асуына мүмкіншілік жасайды.

Мамандардың
қоғамдық денсаулық
сақтау саласынан толық
және сапалы білім
алуы, кәсіптік
біліктілікті меңгеруі,
теориялық және жеке
практикалық
дайындығын
тереңдетуін іске асыру
да бұл жұмыста өз
нәтижесін береді.

Дайындықтан өткен
мамандардың білімі мен
ікемділігінің деңгейі халықтың
денсаулығын жақсартуға
бағытталған ғылыми-зерттеу
және практикалық
бағдарламаларды әзірлеуде
және іске асыруда, қоғамдық
денсаулық сақтау саласындағы
ұйымдастыру жұмыстары мен
менеджментте, сонымен қатар
денсаулық сақтау, әлеуметтік
қамсыздандыру
ұйымдарындағы практикалық
жұмыста олардың басым орын
алуына жеткілікті болуы тиіс.

Қоғамдық
денсаулықты
денсаулықты
нығайту мақсатында,
аурушандықтың
алдын-алу және
емдік шараларды
негіздеп қолдану
мақсатын нығайту
басты бағыттардың
бірі болып
есептеледі



Көптеген мемлекеттердің денсаулықты қорғау «XXI ғасырда - денсаулық бәріне» саясаты бойынша ДДСҰ (дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы) қабылдаған әдістемесінде, халық денсаулығын қалыптастырудың негізгі құрамдас бөлігі ретінде материалдық-техникалық базаларды нығайту, салаларды бекіту, бірінші реттегі медициналық-санитарлық көмекті халықтың кең қабаттарына жеткізу келісілген.

Қазақстан Республикасындағы қоғам денсаулығының ахуалын жақсарту жөніндегі міндеттерді тиімді шешуге қабілетті, адамзаттардың сауығыуына және қаржыландыру база саласын дамыту, азаматтардың әлеуметтік қорғауын арттыру, психологиялық және адам ресурстарының дамуы мемлекеттің негізгі басымдылығы болып келеді. Сонымен қатар ғасыр талабына сай болуға қабілетті мамандардың жаңа буынын дайындау негізгі мәселе ретінде қалып отыр. Ол үшін білім беруді жақсарту және оны іске асыру керек.

Қазақстанды әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына енгізудің негізгі тұжырымы ретінде ұсынылған «Қазақстан-2050» Стратегиясының бірінші кезектегі міндеттерінің бірі – қазіргі заманғы және тиімділігі жоғары денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыру болып табылады. Мұнда денсаулық сақтау саласында бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу үшін қоғамдық денсаулық сақтаудың барлық деңгейіне тиімді менеджмент енгізу, соның ішінде жаңа медициналық технологияларды жасау мен практикаға ендіру талап етіледі. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының кепілдемесіне сәйкес, денсаулық сақтау саласына тап осындай жоғары сапалы ғылыми-зерттеулер мен инновацияларды енгізу тұрғындардың ұлттық деңгейдегі де, ғаламдық ауқымдағы да денсаулық жағдайларын жақсартуға бағытталуы тиіс.



Қазіргі таңда «Қазақстан-2030» Стратегиясының табысты жүзеге асқанына және еліміздің іс жүзінде әлемдегі барынша бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттің қатарына қосылу міндетін орындап қойғанына қарамастан, республика Бүкіләлемдік экономикалық форумның рейтингісінде, тұтастай алғанда, ғылым саласы бойынша, соның ішінде медицина ғылымның көптеген көрсеткіштері жөнінде алдыңғы қатарлы елдердің деңгейінен көп артта қалып, жаһандық беделбаға өлшемінде 51-орынға тұрақтады.

- 2012 жылғы үлес салмағы бар болғаны тиісінше 0,026 026 (елдердің жалпыәлемдік рейтингісінде 92-орын) және 0,0064 (134-орын) пайызды құрады
- Қазақстан ғалымдарының медицина мамандықтары бойынша ғылыми журналдарда жарияланған жұмыстарынан дәйектеме алушылықтың тұтастай және жекелей алғандағы үлес салмағы бұдан да төмен. Олар тиісінше 0,011 және 0,0031 пайызға тең.



Соңғы жылдары қазақстандық авторлардың шетелдер басылымдарында жарық көрген еңбектері жалпы көлемінің бар болғаны 5-6 пайызы ғана дәрігер ғалымдардың үлесіне тиеді екен. Ал әлемдегі жетекші елдердің бұл жөніндегі көрсеткіштері ғылыми барлық жарияланымдардың 25-30 пайызы маңайында. Айталық, ол АҚШ-та – 28,3, Ұлыбританияда – 29, Жапонияда – 24,3, Германияда 25,5 пайызды құрайды. Әлемдегі ең беделді ғылыми метрикалық көрсеткіштерінің бірі Н-индекс (Н дәйектемесін алған (Н) мақалалар саны) өлшемі бойынша Қазақстан соңғы 15 жылда Барбадос пен Бениннің ортасындағы 112-орынға жайғасқан.



Ұлттық медицина ғылымын қаржыландырудың қазіргі онсыз да жеткіліксіз жағдайында біздің беделді халықаралық басылымдарда жарық көріп жүрген бір жариялануымыздың салыстырмалы түрдегі «өзіндік құны» мейлінше жоғары болып тұр. Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан ғаламдық рейтингіде 134-орынға табан тіреп, бұрынғы кеңестік республикалардың барлығының соңында қалып қойған. Зерттеулердің саны әрбір 1 миллион адамға шаққандағы көрсеткіші бойынша әлемдік рейтингіде 68-орында (637,3 зерттеуші / млн. тұрғын) тұрғанына қарамастан, Қазақстан денсаулық сақтау саласындағы бір зерттеуші еңбегінің өнімділігі бойынша өте төменгі орында. Былайша айтқанда, бізде 87 ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық кадрға (ғылыми-зерттеу институты, ғылыми орталық және медициналық жоғары орталық мекемелері) халықаралық танымал басылымдарда жарық көрген бір мақаладан ғана келеді. Ал ғаламдық ауқымдағы көшбастаушы елдерде бұл инновациялық индекс көрсеткіші бұдан 20-25 есе аз. Айталық, Сингапурда 3,6 белсенді ғылым зерттеушісіне халықаралық танымал басылымдарда жарық көрген бір мақаладан келсе, ол Германия мен Францияда – 3,5, Жапонияда – 9,2, Қытайда 13,2 көрсеткіштерінің көрсетеді.

Еліміздегі денсаулық сақтау саласы бойынша жылына 2500-3000 ғылыми мақала жариялап тұратын 40-тан астам ғылыми тәжірибелік журналдың бірде-бірі әлемдегі беделді халықаралық ғылыми басылымдар (Scopus, Web of Knowledge, Springer) қатарына кірмейді. Тек бірлі-жарым журналдарымыз ғана басқа аймақтық мәліметтер базасында (Ресей ғылыми дәйектеме индексі және басқалары) индекстеліп, мақалаларын ағылшын тілінде жариялай алады. Сөйтіп, Қазақстанның медицина ғылымы қазіргі таңда көп жағдайда әлемдік ғылыми қауымдастық үшін әлі жабық күйінде қалып тұр



Ғылыми зерттеулер мен оларды талдап жасау нәтижелерінің басты көрсеткіштерінің бірі патенттік белсенділіктен танылады. Әлем елдерінің 1 млн. адамға шаққандағы патенттік көрсеткіштері бойынша Қазақстан тағы да көштің соңында шаң беріп келеді. Оның біздегі көрсеткіші 0,13 өлшемі болса, әлемнің технологиялық жағынан дамыған жетекші елдерінде ол 200-ден де асып түседі. Мәселен, бұл АҚШ-та – 359, Швейцарияда – 505, Жапонияда 1274 өлшем бірлігіне сай. Қазақстан сол сияқты тұрғындардың өнертапқыштық белсенділігі бойынша Ресейден 12 есеге қалып қойып, қазір шамамен Доминикан мен Перу елдерінің (0,15 және 0,14) маңайына орналасқан.

Қазақстан медицинасы ғылымының бәсекеге қабілеттілік деңгейі айтарлықтай төмен. Мұның ғылыми қызметкерлер мен зерттеушілердің әлеуеттерінің төмендігі, ғылыми ұйымның материалдық-техникалық базасының нашарлығы және медицина ғылымын қаржыландырудың жетімсіздігі сияқты бірнеше объективті себептері бар. Біз ұлттық ғылымды қаржыландырудың ұлттық ішкі жалпы өнімге қатысы (жалпы ішкі өнімнің 0,15 пайыздан 0,26 пайызға дейінгі аралығында жүр) бойынша жаһандық рейтингіде 78-орындамыз. Ал бұл көрсеткіш бойынша жоғары дамыған елдер бізден 10-20 есеге биікте.



Қазақстанда ұлттық ғылымды дамытуға жоғарыдағыдай көңіл бөлініп жатқанда, медицина ғылымының мұндағы жай-күйі бұдан да нашар екенін айтуға тиіспіз. Бұл үшін медицина ғылымы үшін бөлініп келе жатқан қаржының жалпы ішкі өнімнің небәрі 0,006 пайызын ғана құрайтынын айтсақ та жеткілікті. Осы аралықта бұл көрсеткіштің АҚШ секілді жетекші елдерде 0,22 пайыз деңгейінде екенін тілге тиек етсек, арадағы алшақтықтың қаншалықты ауқымда екенін пайымдау қиын емес. Жоғарыдағы тұжырымдардың барлығы, тұтастай алғанда, біздің ұлттық ғылымда, соның ішінде медицина ғылымы саласында кейінге қалдыруды күтпейтін маңызды да өзекті шаралардың өте көп екендігін көрсетеді.



Қоғамдық денсаулық саласындағы ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің мақсаттары

Ғылыми зерттеулерді ғылыми ұйымдар – ғылыми орталықтар ғылыми-зерттеу орталықтары және медициналық жоғары оқу орындары деңгейінде басқарудың қазіргі заманғы және тиімді тетіктерін одан әрі дамытуға байланысты жұмыстарға халықаралық стандарттар мен талаптарды, қазіргі заманғы менеджмент пен ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың тиімді пішіндерін енгізу жөніндегі шаралардың кешенін іске қосу керек. Бұл үшін зерттеу зертханаларында халықаралық сапа стандартына және GLP талаптарына сай аттестаттаудан өткізу практикасы қамтамасыз етіліп, коммерциализация офистері, ғылыми зерттеулерді қарайтын менеджмент пен тәсілдемелерді қамтамасыз ететін бөлімшелер құрылуы керек. Осының санатында ғылыми инновацияның баламалы көздерін тарту тетіктерін кеңейткен жөн. Бұған елдегі мемлекеттік жеке меншік әріптестікті делдал ретінде пайдаланып, ғылыми зерттеулерді қаржыландырып тұруға болады.

Ғылыми ұжымдар мен ғылыми бөлімшелер деңгейіндегі менеджментті жетілдіру барлық деңгейдегі ғылыми зерттеулердің жобалық менеджмент пен ғылыми зерттеулер халықаралық стандарттары (Good Clinical Practice, Good Laboratory Practice, Quality Practice in Basic Biomedical Research тағы басқалар) қағидаттары арқылы қамтамасыз етілуі тиіс.

01

2016 жылға дейінгі тұжырымдамаға сәйкес жұмысты жүзеге асыру шеңберінде барлық деңгейдегі ғылыми инновациялық үдерістер менеджменттерін жетілдіру қамтамасыз етіліп, ғылыми және инновациялық инфрақұрылымды дамыту, ғылыми кадрларды даярлау мен интеграция үшін жағдай қалыптастыру сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

02

2017 жылдан басталатын екінші кезеңде денсаулық сақтау саласындағы ғылыми талдаулар мен инновациялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен сапасын жақсартудың шаралары қабылданатын болады. Бұл Қазақстанның медициналық және фармацевтік ғылымын әлемдік зерттеу кеңістігіндегі интеграциясын жеделдетуге мүмкіндік береді.

Республикадағы қоғамдық денсаулық сақтаудың мәселелері

2013 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің №485 санды «Медицина ғылымын 2020 жылға дейін дамытудың тұжырымдасы» бекітілді. Аталмыш стратегиялық құжат медицина ғылымының таяу жылдардағы негізгі мақсаттарын, міндеттері мен даму қағидаттарын анықтап берді. Онда отандық медициналық ғылымның 2020 жылға дейінгі дамуының негізгі мақсаттарының бірі ретінде отандық медицина және фармацевтік ғылым саласында бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізіп, олардың негізінде алдыңғы қатарлы медициналық технологиялар мен инновацияларды енгізу, осы арқылы Қазақстан халқының денсаулығын сақтау мен жақсартуды қамтамасыз ету атап көрсетілді.

Тұжырымдаманы жүзеге асыру төмендегі қағидаттарға негізделеді:

- Денсаулық сақтау саласында ғылыми және инновациялық іс-әрекетке нақты қолдау көрсетудің тиімді жүйесін қалыптастыру; денсаулық сақтау саласындағы медициналық, фармацевтік ғылыми және инновация жүйесі институтының әлеуетін дамыту, ғылыми ұйымның, зерттеу ұжымдарының және жекелеген зерттеушілердің әлеуетін арттыру; отандық денсаулық сақтау саласының сұранысына болжам жасау негізінде саланың ғылыми және инновациялық дамуының басымдылықтарын қалыптастыру; барлық деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарының инновацияларды қабылдау қабілеттілігін дамыту; медициналық және фармацевтік ғылымдардың бәсекелік ортасын дамыту; денсаулық сақтау саласының ғылыми инновациялық секторын отандық және шетелдік инвесторлардың инвестиция әкелу тартымдылығы деңгейін көтеру; отандық медициналық және фармацевтік ғылымның әлемдік зерттеу кеңістігіндегі интеграциясы; ғылыми ұйымдар мен ғалымдардың барынша жоғары халықаралық стандарттар тиімділігіне баға берудегі бағыттары; «идея-зертхана-клиника» тұтас инновациялық шеңберін қамтамасыз ететін трансляциялық зерттеулерді дамыту.

Тұжырымдаманың бірінші кезектегі және шешуші міндеттерінің қатарына барлық деңгейдегі ғылыми-инновациялық үдерісті тиімді технология жолымен дамыту менеджментін жетілдіру, ғылыми және инновациялық іс-қимылды тиімді дамыту, ғылыми зерттеулердің халықаралық стандарттарын енгізу, денсаулық сақтау жүйесіндегі ғылыми және инновациялық іс-қимылдарды қаржыландыру жатады. Осымен бір мезгілде, аталмыш саладағы тиімді шаралар өкілетті органның желісінде де, медициналық ғылыми және ғылыми ұжымдарда да қабылданатын болуы тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтсақ, жоғарыда аталған ғылым мен инновациясының инфрақұрылымын дамыту, материалдық-техникалық база мен медицина ғылыми ұйымдарының кадрлық әлеуетін арттыру, сондай-ақ, ғылыми талдамалар мен инновацияларды практикалық денсаулық сақтау саласы мен әлемдік зерттеу кеңістігіне енгізудің тиімді жүйесін қалыптастыру отандық зерттеушілер мен ғылыми ұйымдардың, ғылыми зерттеулердің әлемдегі жоғары дамыған елдердің көрсеткішіне жақындата түсуге ықпалды етіп, Қазақстан денсаулық сақтау жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың шарттарын жасап береді. Сөйтіп, біздің мемлекетіміздің халықаралық деңгейде одан әрі таныла беруіне кеңінен жол ашады.



Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

- 1. Стародубов В.И. Первичная медицинская помощь. Состояние и перспективы развития. Монография М- Медицина 2007*
- 2. Руководство по медицинской профилактике руководство ред. Р.Г. Оганова Хальфина ГЭОТАР Медиа 2007*
- 3. Справочник помощника санитарного врача и помощника эпидемиолога. Справочное издание Никитина А.И., Зайченко. Медицина 2006*
- 4. Фролькис Л.С., Терапия с курсом первичной медико-санитарной помощи. Электронный ресурс.*
- 5. Интернет желісі (yandex.kz, google.kz)*

Назарларыңызға
рахмет!!!

